

mobi kino қызметі аясында «mobi kino-мен «Игры престолов» соңғы маусымы» науқанын өткізу ережелері

1. Жалпы ережелер.

1.1. «mobi kino -мен «Игры престолов» соңғы маусымы» науқанын өткізу ережелері (бұдан әрі – «Ережелер») осы науқанды (бұдан әрі – «Науқан») өткізу тәртібін, қатысу талаптарын, сондай-ақ жүлде, оны Науқан жеңімпазына беру тәртібі мен талаптарын айқындайды.

1.2. **Науқанды өткізу мақсаты:** Науқанды «Kcell» АҚ (бұдан әрі - Ұйымдастырушы) Amediateka-ға жазылыммен mobi kino сервисін (бұдан әрі «Сервис» немесе «mobi kino сервис») ілгерілету мақсатында өткізеді.

1.3. Науқан талаптары:

1.3.1. **Науқанды өткізу кезеңі:** 2019 жылғы 15 сәуірден бастап 2019 жылғы 23 мамырға дейін қоса алғанда.

1.3.2. **Науқанды өткізу аумағы** – Қазақстан Республикасы (Ұйымдастырушың желісін қамту аймағы).

1.3.3. **Науқан қатысушылары** – жастары 18-ге толған Қазақстан Республикасының азаматтары немесе Қазақстан Республикасында тұруға ықтияр хаттары бар шетелдік азаматтар болып табылатын Activ және Kcell абоненттері.

1.4. **Науқанға қатысуға:** Ұйымдастырушының жұмыскерлері/қызметкерлері және Ұйымдастырушы жұмыскерлері/ніңқызметкерлерінің туыстары болып табылатын абоненттер **жіберілмейді;**

2. Науқанды өткізу тәртібі

2.1. Науқанды өткізу кезеңінде бір мезгілде мына өлшемдердің барлығына сай келетін абонент Науқанға қатысушы болып танылады:

2.1.1. «Amediateka» жазылымын қосқан **mobi kino** сервисінің пайдаланушысы. «Amediateka» жазылымының абоненттік төлемі күніне 30 теңгені құрайды;

2.1.2. Науқанды өткізу кезеңінде Қатысушы «Amediateka» жазылымы бойынша mobi kino сервисінде соңғы «Игра престолов» маусымның әр сериясын көруіңіз керек;

2.1.3. Науқанның барлық өткізілу кезеңінің ішінде «Amediateka» жазылымы бойынша Сервистің пайдаланушысы болып қалу керек.

2.1.4. Ережелердің 1.4-тармағына сәйкес Науқанға қатысуға жібермеуге негіздеме жоқ.

2.2. Науқанның басталуына дейін «Amediateka» жазылымына қосылған мобиле кино сервисінің пайдаланушылары осы Ережелердің 2-тармағының шарттарын орындаған кезде, Қатысушылардың тізіміне автоматты түрде қосылады.

2.3. Пайдаланушы Науқанның өткізілу кезеңінде «Amediateka» жазылымының кем дегенде 6 (алты) абоненттік төлемінің транзакциясы табысты алынғанда, Пайдаланушы Қатысушы ретінде танылады.

2.4. Ұйымдастырушы Науқанды өткізу кезеңі ішінде Абоненттерге өткізілетін Науқан және Сервиске қосылу тәртібі туралы ақпаратпен SMS-хабарлама жіберуге құқылы.

2.5. Ережелерде көрсетілген әрекеттерді орындаған Науқан қатысушылары осы арқылы өздерінің Науқан осы Ережелерімен және Науқанға қатысу талаптарымен толық танысқандықтарын және келісетіндіктерін растайды.

2.5. mobi kino сервисін ұсыну талаптары мына сайттарда орналастырылған: <https://activ.kz/ru/service/kino> және <https://www.kcell.kz/ru/service/kino>, <https://mobikino.megogo.net>.

2.6. *606*2*1# USSD-тіркесін теру немесе мобильді қосымшадан немесе келесі веб-порталдардан «Amediateka» жазылымына қосылуға болады: <https://www.kcell.kz/ru/service/kino>, <https://activ.kz/ru/service/kino>, <https://mobikino.megogo.net>.

3. Науқанға қатысудан бас тарту

3.1. Абонент *606# USSD-тіркесін теру арқылы немесе <https://www.kcell.kz/ru/service/kino>, <https://activ.kz/ru/service/kino>, <https://mobikino.megogo.net> веб-порталдарында кез келген уақытта Сервистен бас тарта алады. «Amediateka» жазылымын өшіру Абоненттің Науқанға қатысудан және Науқан бойынша ұтыс ойынынан алып тастауға келісімін білдіреді.

4. Жұлде қоры.

4.1. Жұлде қоры - Apple iPhone X 64GB SPACE GRAY.

4.2. Жұлде қоры Науқанды өткізу басталғанға дейін Ұйымдастырушы есебінен қалыптастырылады.

4.3. Жүлде Жеңімпаздың тұрғылықты жеріне жеткізілмейді. Абоненттің көлік шығындары мен кез келген басқа шығындары өтелмейді және ақысы төленбейді. Жүлдені Ұйымдастырушының қалауы бойынша Ұйымдастырушының Қазақстан Республикасындағы офистерінің бірінен алуға болады.

5. Жеңімпазды анықтау.

5.1. Жеңімпаз 2019 жылғы 31 мамырда random.org бағдарламасының көмегімен Науқан қатысушыларының арасынан кездейсоқ таңдау әдісімен анықталады.

5.2. Ұтқаны туралы хабардар ету үшін Науқан жеңімпазына Науқанға қатысу жүргізілген абоненттік нөмір бойынша Ұйымдастырушы өкілдері хабарласады. Нәтижелерді хабарлау **2019 жылғы «03» маусым күнгі сағ. 15:00-ге** дейін (Нұс-Сұлтан қ. уақыты бойынша) жүзеге асырылады. Науқан нәтижелері **activ және Kcell парақшаларында** жарияланады.

5.3. Ұтысты алу үшін Жеңімпаз келесі құжаттарды ұсынуы керек:

5.3.1. ЖСН нөмірі көрсетілген жеке басты куәландыратын құжат;

5.3.2. Абоненттік нөмірдің Жеңімпаз абонентке тіркелгенін растау.

5.4. Мынадай жағдайларда Жеңімпаз жүлдені қажет етпеген болып есептеледі:

- Ұйымдастырушы ұтқаны туралы хабардар ету үшін Жеңімпазға қоңырау шалу арқылы байланысқа шыға алмаған жағдайда. Ұйымдастырушы жеңімпаз анықталғаннан кейін 2019 жылғы “31” мамырда екі рет қатарынан қоңырау шалады;

- Ұйымдастырушы Ережелердің 6.3-тармағында көрсетілген жеңімпаздың келісімін алмағанда;

- Жеңімпаз 2019 жылғы «07» маусым күнгі сағ. 18:00-ге дейін (Нұр-Сұлтан қ. уақыты бойынша) жүлдені алу үшін Ұйымдастырушының Ережелерде көрсетілген офисінің біріне келмеген жағдайда.

Жеңімпаз жүлдені қажет етпеген жағдайда, Ұйымдастырушы жүлдені бермеуге құқылы.

5.5. Жеңімпаз жүлдені талап етпеген жағдайда, Ұйымдастырушы Ережелерге сәйкес жаңа Жеңімпазды анықтай алады.

5.6. Жеңімпаз Ережелерде көзделген талаптарды орындамаған, Байланыс қызметтерін көрсету туралы жария шарттың, қолданыстағы заңнаманың талаптарын бұзған жағдайда, Ұйымдастырушы жеңімпазға жүлдені беруден бас тартуға құқылы.

5.7. Ұйымдастырушы жүлденің сапасы үшін жауапкершілік көтермейді. Науқан жүлдесінің сапасы үшін оны дайындаушы (өндіруші) жауап береді.

5.8. Ұйымдастырушы Науқан жүлдесінің Науқан Жеңімпазының жеке үміттеріне сәйкес келмегендігі үшін жауапкершілік көтермейді.

6. Қорытынды ережелер.

6.1. Науқан туралы барлық ақпаратты <https://www.kcell.kz/ru/service/kino>, <https://activ.kz/ru/service/kino>, <https://mobikino.megogo.net> сайттарынан білуге болады.

6.2. Ұйымдастырушы activ.kz және kcell.kz сайтына тиісті ақпаратты орналастыра отырып, осы Науқан талаптарын өзгерту құқығын өзіне қалдырады.

6.3. Науқан жеңімпазы жеңімпаз бен жүлде туралы ақпаратты жариялау мақсатында Ұйымдастырушымен төлем алусыз дербес деректерді және Жеңімпаз туралы өзге ақпаратты жинауға және өндеуге; абоненттің суретін (с.і. фотосурет), бейне туындыны (с.і. видео) және өзге құжаттарды, жазбаларды (с.і. сұхбат), Жеңімпаздың суреті көрсетілген туындыларды жасауға жариялауға, көрсетуге және таратуға келісім жасауға міндеттенеді. Жеңімпаздың келісімі Ұйымдастырушының нысаны бойынша және талаптарында (соның ішінде келісім мершімі мен мақсаты, жариялау және тарату орны мен тәсілі) беріледі.

6.4. Науқан ұйымдастырушысы:

6.4.1. Науқан жүлдесін алу үшін қажетті мәліметтердің/құжаттардың алынбауы/уақтылы алынбауы;

6.4.2. Науқан Қатысушыларының осы Ережелерде көзделген міндеттерін орындамауы/уақтылы орындамауы;

6.4.3. Жеңімпаздың кез келген себеппен жүлдені алмауы.

6.5. Осы Науқан аясындағы жүлдені ақшалай баламасына айырбастау көзделмеген.

7. ҚОСЫМША ТАЛАПТАР:

7.1. Ұйымдастырушы бұл Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзбайтын болса, Ереже өзгерген күні өзгертілген ережелерді activ.kz және kcell.kz сайттарына орналастыру арқылы оны өзгерту туралы хабардар ете отырып, кез келген негізде бір жақты тәртіпте өзгертуге, сондай-ақ осы Науқанға қатысты қосымша ақпаратты жариялауға құқылы.

7.2. Ұйымдастырушы абоненттік құрылғының және абоненттік нөмірлердің меншік құқығы, иелігі немесе оларды пайдалану туралы қандай да бір дауларға қатысты ешқандай жауапкершілікте болмайды.

Ұйымдастырушыға және/немесе Ұйымдастырушының аймақтық бөлімшесіне абоненттік нөмірі бар абоненттік құрылғыны ұсынған және осы телефон арқылы Науқанға қатысқан тұлға, оның шынайы иесі болып есептеледі, бұл жағдайда аталмыш тұлға абоненттік нөмірдің тіркелген абоненті болуы қажет немесе өз құқықтарын тиісті түрде растап, ұсынуы керек.

7.3. Ұйымдастырушы осы Ережелерге сәйкес жүлдені алу құқығын растайтын талаптарға қатысты қандай да бір хат алысуға немесе қандай да бір түсініктемелер беруге міндетті емес.

7.4. Ұйымдастырушы Ұйымдастырушының ұялы желілерінде, жабдығында орын алуы мүмкін өнеркәсіптік ақау, сондай-ақ техникалық және технологиялық қателіктер үшін жауапкершілік көтермейді.

7.5. Науқанды ұйымдастыру мен өткізуді mobi kino сервисін пайдаланушыларды көбейту, сондай-ақ Ұйымдастырушы абоненттерін қосымша қызметтерді пайдалануға ынталандыру мақсатында Ұйымдастырушы жүзеге асырады.

7.6. Науқанның өткізілуімен байланысты барлық даулар келіссөздер жолымен шешілуі тиіс. Бейбіт жолмен келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда, дау Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының тиісті сотында қаралуы тиіс.

7.7. Науқанды өткізу барысында Қатысушының үшінші тұлғалардың құқықтарын бұзуымен байланысты үшінші тұлғалар тарапынан Ұйымдастырушыға қандай да бір кінәрат-талаптар болған жағдайда, науқан қатысушысы өзіне осындай дауларды өздігінен шешу жауапкершілігін алады.

7.8. Осы Науқанды өткізу ережелерін Ұйымдастырушы мына сайтта жариялайды: <http://aoc.kcell.kz/EjQ4a0Z1ZNf84GzgrvzpTEEm8nAz>

Науқанға қатысты барлық сұрақтар бойынша Абоненттер Ұйымдастырушының қоңырау шалу орталығына хабарласа алады: актив абоненттері үшін 3030 және Kcell абоненттері үшін 9090.

8. НАУҚАНҒА ҚАТЫСА ОТЫРЫП, СІЗ ОСЫ ЕРЕЖЕЛЕРМЕН ТОЛЫҚ КЕЛІСЕСІЗ.